

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN**

**Л.Н.ГУМИЛЕВ ағ. ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабыковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИН и Российской Академии Естествознания, заведующей кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабыковны.

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

1 часть

Астана – 2016

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE



Орынбор мемлекеттік университеті
Оренбургский государственный университет
Orenburg State University



Пенза мемлекеттік университеті
Пензенский государственный университет
Penza State University



Тыва мемлекеттік университеті
Тувинский государственный университет
Tuvan State University



БМУ бизнес пен технология менеджменті институты
Институт бизнеса и менеджмента технологий БГУ
School of business and management of technology of BSU



Ресей халықтар достығы университеті
Российский Университет дружбы народов
Peoples' Friendship University of Russia



ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИИ и Российской Академии Естествознания, заведующей кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабыковны.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабыковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

ӘОЖ 336.13.012.24 (574)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

«Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы» Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері- Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 .-374 б.

Труды международной научно-практической конференции «Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2016.-374с.

Works of the international scientific- practical conference "Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.-p.374.

Редакция алқасы:

САПАРОВА Б.С.– төрағасы, э.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

КУЧУКОВА Н.К. - төраға орынбасары, э.ғ.д., ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

САДВОКАСОВА К.Ж. – э.ғ.д., профессор , ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

АХМЕТЖАНОВА С.Б.- э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты

СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ.- ф.ғ.к., саясаттану PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры

КОРОЛЕВ Ю.Ю. – э.ғ.к., доцент, БМУ Бизнес пен технология менеджменті институтының «Бизнес-администрирование» кафедрасының меңгерушісі

ПАРУСИМОВА Н.И. – э.ғ.д., профессор, Орынбор мемлекеттік университетінің «Банковское дело и страхование» кафедрасының меңгерушісі

КУЗНЕЦОВА Т.Е. - э.ғ.к., доцент, Пенза мемлекеттік университетінің кафедрасының меңгерушісінің орынбасары

ДОНГАК Ч.Г. - э.ғ.к., доцент, Тыва мемлекеттік университетінің «Экономика и менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

ЖАМИЕВА А.Е. –хатшы, экономика магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының аға оқытушы

ISBN 978-601-7121-74-7 (ч.1)

ISBN 978-601-7121-71-6 (общ.)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2016

ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ – ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІНІҢ ИНСТИТУТЫ

Жахин Ануар Калкенович

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Астана Қаласы

Әлемдік және отандық саяси тәжірибелерге талдау қазіргі заманғы жағдайда мемлекеттің қоғаммен, әлеуметтік топтармен және жекелеген азаматтармен қатынасын айқындайды, оның ерекше мәні мен бағасын көрсетеді.

Әлеуметтік инфрақұрылым еңбек күшінің жағдайын жасайды, денсаулық және білімді қадағалайды, мәдени қолдау мекемелерінің желісі арқылы азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар беруге адамдардың мәдени және адамгершілік әлеуетін арттырады. -Сондықтан да әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту деңгейі, әрине, тұтастай алғанда Қазақстанның экономикалық көрсеткіштері мен экономикасына орасан зор әсер етеді [1].

Әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаты тұрғындардың барлық топтарының өмір сүруінің алдыңғы қатарлы әлеуметтік стандарттары мен жоғарғы сапасына қол жеткізу болып табылады. Дамудың қазіргі кезеңінде әлеуметтік саясаттың міндеттері мыналар болып табылады: біріншіден, тұрғындарды әлеуметтік қорғау дәрежесі мен табыстарды ұлғайту; екіншіден, әлеуметтік-еңбек қатынастарын оңтайландыру; үшіншіден, әлеуметтік сфера салаларын жан-жақты дамыту [2].

Тәуелсіздік жылдарында елімізде Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында және стратегиялық құжаттарда көрініс табатын қоғамдық ынтымақтастық пен әлеуметтік әділеттілік принциптері ескеріле отырып, халықты әлеуметтік қорғаудың модельдері одан әрі жетілдірілуде.

Қазіргі уақытта дамудың ұлттық ерекшеліктері ескерілетін және әлемдік ең үздік жетістіктерге негізделетін әлеуметтік қорғау бағдарламаларының жаңа экономикалық жағдайларына тез бейімделуге қабілетті, ыңғайлы шаралар қабылдануда.

Тәуелсіздік жылдарындағы халықтың өмір сүру сапасының жақсаруының көрсеткіштерінің бірі, егер 1994 жылы Қазақстанда халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ 700 доллардан әрең асса, ал 2015 жылы ол көрсеткіш 12,8 мың АҚШ долларына көбейді.

Сонымен қатар, 2014 жылы күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халық саны 1996 жылмен салыстырғанда 12 есеге азайды.

Еліміздің Ата Заңында Қазақстан демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып табылады деп, Қазақстан азаматтарының әлеуметтік қорғалуға құқығы атап көрсетілген.

Бұл мемлекет азаматтардың әлеуметтік құқықтарын аса жоғары бағалайды және ол осы құқықтарды қорғауға міндетті деген сөз. Қазақстан Республикасы Статистика Агенттігінің ақпаратына сәйкес, 2013 жылдың наурыз айында «Халықтың өмір сүру сапасы» тақырыбына бір реттік зерттеу жүргізілген.

Зерттеуге республиканың барлық облыстары мен Астана және Алматы қалалары қатысты. Деректерді жинау 12 мың үй шаруашылығына сұрау жүргізу жолымен жүргізілген, бұл ретте зерттеуге респонденттер болып зерттелген үй шаруашылықтарының басшылары қатысты.

Субъективті бағалау бойынша сұралғандардың жартысынан көбі немесе 52,2% өздерін кедей емеспіз деп көрсеткен, бірақ орта тапқа да жатқызбайды, 41,9% - орта тапқа, 4,2% - аз қамтылғандарға, тек 1,7% - өздерін жоғары тапқа жатқызған, бұлар сапалы өнімдер қолданатындар, қолайлы жағдайда өмір сүретіндер, жұмыстары, өздерінің істері және/немесе табыс әкелетін меншіктері барлар.

Зерттеу қорытындылары бойынша 74,0% үй шаруашылығындағылар өз өмірлеріне қанағаттанады, бұл ретте олардың үлесі ауылдық жерде көп – 76,1% (қалада – 72,7%) болып отыр. Мұндай үй шаруашылығындағылардың өмірлік оптимизмі, олардың 79,3% өздерінің балаларының өздерінен жақсы өмір сүретініне сенімділігімен расталады.

Көптеген үй шаруашылықтарының өмір сүру қаржыларының көзі жалданбалы жұмыс (82,2%), зейнетақы (29,7%) және өздерінің қосалқы шаруашылығынан алған өнімді (25,7%) пайдалану болып табылады. Әлемдік тәжірибе нарық жағдайында жұмыс істейтін азаматтардың мүддесін қорғау және қамтамасыз ету мәселесінде басты рөлді әлеуметтік сақтандыру алатынын дәлелдеді және мойындап отыр. 2005 жылдан бастап Қазақстан Республикасында жұмыспен қамтылған халықты әлеуметтік қорғаудың қосымша түрі міндетті әлеуметтік сақтандыру енгізілді.

Қазақстандағы міндетті әлеуметтік сақтандырудың негізгі принциптері:

жалпылығы - жұмыс істейтін зейнеткерлерді қоспағанда барлық қызметкерлер міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады;

төлеушінің жауапкершілігі – жұмыс берушінің және (немесе) өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғаның Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына (МӘСҚ) жалдамалы қызметкерлері үшін әлеуметтік аударымдарды уақытында және толық төлеуі;

ынтымақтылығы – әлеуметтік қатер туған қызметкерлер немесе асыраушысынан айырылған олардың отбасы мүшелері МӘСҚ әлеуметтік төлем алушылар болып табылады;

әділеттілігі - МӘСҚ төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшері міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне (бұдан әрі – МӘСЖ) және МӘСҚ ай сайын түскен әлеуметтік аударымдардың мөлшеріне байланысты болады.

Осылайша, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінде мемлекеттің, жұмыс берушінің, азаматтың және МӘСҚ жауапкершілігі бөлінген.

Міндетті әлеуметтік сақтандырумен Қазақстанның аумағында табыс табатын және тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының барлық азаматтары, оралмандар, азаматтығы жоқ тұлғалар мен шетелдіктер қамтылған.

Халықаралық тәжірибеде жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасындағы қаржылық жүктемені бөлу, олардың сақтандыру жарналарын төлеуге дәлелдеме қалыптастыруда негізгі кезең болып табылады. Мұндай бөлуде: сақтандыру жарналарының 2/3 бөлігі жұмыс берушілерге және 1/3 – қызметкерлерге бөлінуі тиімді қатынастар деп есептеледі, кейбір елдерде мемлекет әлеуметтік сақтандырудың кейбір түрлерін дотациялайды. Халықаралық еңбек ұйымының деректері бойынша әлемнің кейбір елдерінде сақтандыру жарналарының жалпы сомасы еңбек ақы сомасының 50 % құрайды.

1-кесте

Әлемнің кейбір елдерінің әлеуметтік сақтандыру жүйелеріндегі сақтандыру жүктемесін бөлу көлемі және пропорциясы

Ел	Сақтандыру жарналары, еңбекақыдан, пайызы			Еңбекақының жоғарғы шегі, одан жоғары сақтандыру жарналары алынбайды
	Жұмыс берушілер	жұмыскерлер	барлығы	
Австрия	25,1	17,2	42,3	айына 3,0 мың. еуро
Германия	21,2	19,8	41,0	жылына 51,0 мың. еуро
Греция	28,2	15,4	43,6	жоқ
Италия	35,1	9,5	44,6	медициналық сақтандыру үшін жылына 20,5 мың. еуро
Нидерланды	29,4	25,6	55,0	мүгедектерді сақтандыру үшін жылына 37,7 мың. еуро
Франция	38,9	12,5	51,4	жылына 25,6 мың. еуро
Ресей	30,0	-	30,0	регрессивтік шкала
Қазақстан	11,0*	10,0	21,0	айына: әлеуметтік сақтандыру үшін - 10 ең төменгі жалақы мөлшері (ЕТЖ), жинақтаушы зейнетақы жүйесі үшін - 75 ЕТЖ

* Қазақстанда жұмыс берушілер МӘСҚ төленген 5% әлеуметтік аударымдар сомасын шегергенде 11% мөлшерлеменен бюджетке әлеуметтік салық төлейді

Олар үшін әлеуметтік аударымдар төленген жұмыс істейтін халық еңбек ету қабілетінен; асыраушысынан айырылуына; жұмысынан айырылуына; жүктілігі және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айырылуына; бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне байланысты табысынан айырылуы жағдайына МӘСҚ тиісті әлеуметтік төлемдер алуға құқылы.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізілген уақыттан бастап 2015 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша МӘСҚ 373,6 млрд.теңге әлеуметтік төлемдер төленді [3].

Мемлекет Басшысының Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамы идеясы еңбекке деген көзқарастың қоғамның жетілуінің маңызды индикаторы болып табылатынын, оның дамуы мен прогреске деген қабілетіне қатынасын айқындап берді. Тек еңбек қана адами құндылықтардың, байлықтың өлшемі ретінде көрінеді. Мұнсыз даму экономикасы мен әлеуметтік жаңғырту міндеттерінің талаптарына сай

келетін қызметкерді жасау мүмкін емес. Сондықтан жұмыс істейтін халықты әлеуметтік қорғаудың тиісті деңгейі болуы керек.

Қазіргі уақытта міндетті әлеуметтік сақтандыру әлеуметтік қатер туған жағдайда жұмыс істейтін халықты қосымша қорғауды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық қатынастарының маңызды да қажетті элементі болып отыр. Бүгінде ынтымақты және әділеттілік принциптеріне негізделген Қазақстанның әлеуметтік сақтандыру жүйесі оның қатысушыларына олардың денсаулық жағдайына, жасына жынысына, тұрғылықты жеріне байланыссыз бірдей мүмкіндіктер мен құқықтарды қамтамасыз етуге бағытталған.

«Мемлекеттің негізгі мақсаты – біздің халқымыздың әл-ауқатын жақсарту. Халқымыздың әл-ауқаты Қазақстанның экономикасы осы салаға жұмсалатын қажетті қаражаттарға ие болса ғана жоғарылай түседі. Осы күнге дейін өзімнің жыл сайынғы Қазақстан Халқына жолдауларымда халықты әлеуметтік қолдауға бағытталған қаражаттардың көлемін ұлғайту жөнінде мәселе қаралады. Адамдардың денсаулығы мен білім деңгейі – бірінші орынға ие» - дей келе, Елбасы экономикалық тұрақсыздық жағдайында әлеуметтік қызметтердің назарсыз қалмайтынын басып айтады [4].

Адамның лайықты өмір сүру деңгейіне жетуі – мемлекеттің, жұмыс берушінің және адамның өзінің белсенді өміріндегі біріккен жұмысының нәтижесі.

Әдебиеттер:

1. Государственное финансовое регулирование социальной инфраструктуры в Республике Казахстан. [Электронды ресурс]: <http://articlekz.com/article/8559>
2. Richard H.K. Vietor. How Countries Compete: strategy, structure, and government in the global economy. – Harvard Business school press, 2007.
3. Динамика социальных выплат и количества получателей за 2005-2015 годы//Сайт Государственного фонда социального страхования // www.gfss.kz;
4. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетудің институттық жүйесін жетілдіру мәселелері //«Қазақстанның дағдарыстан кейінгі дамуы» тақырыбындағы жас ғалымдар, аспиранттар мен магистранттардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, -Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2010.

УДК № 338.314:658.14|.17

ВЛИЯНИЕ СТРУКТУРЫ КАПИТАЛА НА ДОХОДНОСТЬ КОМПАНИИ

Айткенов Даурен Ерболович, магистрант Высшей школы экономики

Научный руководитель к.э.н Жусупова Айгерим Кайратовна

АО «Университет КазГЮУ», Астана

Развитие рыночных отношений в обществе привело к появлению целого ряда новых экономических объектов учета и анализа. Одним из них является капитал предприятия как важнейшая экономическая категория и, в частности, собственный капитал. Любое предприятие, работающее обособлено от других, ведущее производственную или иную коммерческую деятельность, должно обладать определенным капиталом, представляющим собою совокупность материальных ценностей и денежных средств, финансовых вложений, затрат на приобретение прав и привилегий, необходимых для осуществления его хозяйственной деятельности.

В выступлении на торжественном собрании, посвященном Дню Независимости Республики Казахстан Президентом Н.А. Назарбаевым определены важнейшие приоритеты нашей внутренней и внешней политики [1]. В качестве одного из направлений обозначено ускорение процесса перехода всех юридических лиц на международные стандарты финансовой отчетности. В соответствии с данным приоритетом практикующие бухгалтера юридических лиц всех организационно-правовых форм должны правильно осуществить трансформацию учетных данных предприятия, отражающих активы предприятия и источники их формирования. При рассмотрении этого вопроса возникают различные понятия – капитал собственный, привлеченный капитал, активный капитал и пассивный капитал.

В современных условиях структура капитала является тем фактором, который оказывает непосредственное влияние на финансовое состояние организации – его платежеспособность и ликвидность, величину дохода, рентабельность деятельности. Оценку структуры источников средств организации проводится как внутренними, так и внешними пользователями бухгалтерской информации. Внешние пользователи (банки, инвесторы) оценивают изменение доли собственных